

Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде ұсынылатын медициналық көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру қағидаларымен әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2022 жылғы 12 тамыздағы № ҚР ДСМ-81 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 15 тамызда № 29117 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Республикасының Кодексі 7-бабының 59-5) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде ұсынылатын медициналық көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру қағидалары;

2) Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде ұсынылатын медициналық көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Бюджет департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жариялағаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінде ұсталатын адамдарға қатысты

нормаларды қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*ҚР Денсаулық сақтау
министрінің міндетін атқарушы*

А. Есмагамбетова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі

ҚР Денсаулық сақтау
министрінің
міндетін атқарушы
2022 жылғы 12 тамыздағы
№ ҚР ДСМ-81
бұйрыққа 1-қосымша

Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде ұсынылатын медициналық көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде ұсынылатын медициналық көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабының 59-5) тармақшасына сәйкес әзірленді және қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде ұсынылатын медициналық қызметтерге (бұдан әрі – МКҚК) арналған тарифтерді қалыптастыру тәртібін айқындайды.

2-тарау. Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде ұсынылатын медициналық көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру тәртібі

2. МКҚК шеңберінде ұсынылатын медициналық көрсетілетін қызметтерге тарифтерді қалыптастыру үшін облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары (бұдан әрі – бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі) тариф белгілеу мәселелері бойынша ақпаратты жинауды, өңдеуді, сақтауды, талдауды және ұсынуды жүзеге асырады.

3. МКҚК шеңберінде ұсынылатын медициналық көрсетілетін қызметтерге тарифтерді қалыптастыруды бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі мынадай тәртіппен :

1) тарифтерді есептеу үшін қаржылық-экономикалық, статистикалық және клиникалық ақпаратты жинау;

2) тарифтерді есептеу;

3) тарифтердің мөлшерін бекітуді жүзеге асырады.

Қалыптастырылған тарифті бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі бекітеді.

4. МКҚК шеңберінде ұсынылатын медициналық көрсетілетін қызметтерге қалыптастырылған тарифтерді бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жыл сайын, жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың соңына дейін:

1) Қазақстан Республикасы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы басымдықтарды;

2) медициналық көрсетілетін қызметтердің жаңа түрлерін немесе медициналық көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеу әдістерін жетілдіруді көздейтін нормативтік құқықтық актілерді қабылдауды;

3) денсаулық сақтау саласында медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарын жетілдіруді;

4) денсаулық сақтау субъектілерінің негізделген ұсыныстарын;

5) Қазақстан Республикасында диагностиканың, емдеудің жаңа әдістерін қолдануды

;

6) жергілікті бюджетті нақтылау немесе түзетуді ескере отырып, қайта қарайды.

5. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі денсаулық сақтау субъектілерінен негіздейтін құжаттар (шарттар, шот-фактуралар, қаржылық құжаттар, ішкі құжаттар) қоса берілген, тарифтерді есептеу үшін қаржылық-экономикалық және клиникалық ақпаратты (бұдан әрі – сұрату) сұратады.

Денсаулық сақтау субъектілері бюджеттік бағдарламалар әкімшісінен сұратуды алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде көрсетілген ақпаратты "Электрондық құжат

және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қағаз немесе электрондық форматта мынадай талаптарға сәйкес ұсынады:

1) материалдар тігіледі, нөмірленеді және мөрмен (бар болса) және денсаулық сақтау субъектісі басшысының не оны алмастыратын адамның не құзыретіне бухгалтерлік есеп және қаржы мәселелері кіретін басшы орынбасарының қолымен расталады;

2) қаржылық құжаттарға денсаулық сақтау субъектісінің басшысы мен бас бухгалтері не оларды алмастыратын адамдар қол қояды және денсаулық сақтау субъектісінің мөрімен (бар болса) расталады.

6. Ақпараттандыру субъектісі жауапты адамның деректерін және талап етілетін рұқсаттың қолданылу мерзімін көрсете отырып, ресми сұратуды ұсынғаннан кейін бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне денсаулық сақтаудың электрондық ақпараттық ресурстарына және ақпараттық жүйелеріне рұқсат береді. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі жеке тұлғалардың (пациенттердің) дербес медициналық деректерін қорғауды қамтамасыз ететін Кодекстің 62-бабының талаптарына сәйкес ұсынылған қолжетімділікті пайдаланады.

7. Тарифтерді есептеуді бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі орындайды және мынадай іс-шараларды:

- 1) есептеулерді жүргізу және алынған нәтижелерді талдауды;
- 2) тарифтерді есептеу нәтижелерін қалыптастыруды;
- 3) тарифтер тізбесінің жобасын қалыптастыруды қамтиды.

8. Тарифтердің қалыптастыру алдында бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі алынған ақпаратты медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарына, медициналық көмек көрсету қағидаларына, клиникалық хаттамаларға сәйкестігі және МКҚК шеңберінде дәрілік заттың немесе медициналық бұйымның саудалық атауына немесе дәрілік заттың халықаралық патенттелмеген атауына немесе медициналық бұйымның техникалық сипаттамасына шекті бағаларға сәйкестігі мәніне талдау жүргізеді.

Дәрілік заттарға, медициналық бұйымдарға және медициналық бұйымдардың шығыс материалдарына шекті бағалар болмаған кезде қолданылатын бағаларды негіздейтін құжаттар (шарттардың көшірмелері немесе әрбір дәрілік зат, медициналық бұйым және медициналық бұйымдарға арналған шығыс материалы бойынша кемінде үш прайс-парақ) пайдаланылады.

9. Тарифтерді есептеу әзірленген және қолданыстағы тарифтердің мыналарға:

- 1) МКҚК көлеміне;
- 2) МКҚК шеңберінде медициналық қызмет көрсетумен байланысты шығыстарға әсерін бағалау мақсатында жүзеге асырылады.

10. Тарифтерді есептеуді бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі мынадай ақпаратты ескере отырып, тарифтерді есептеуді жүргізу мерзімінде:

1) ағымдағы қаржы жылының алдындағы жылы;

2) жыл соңына дейінгі игеруді ескере отырып, ағымдағы қаржы жылында жүзеге асырады.

11. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі тарифтерді есептеу қорытындылары бойынша Кодекстің 13-бабының 21-3) тармақшасына сәйкес медициналық қызметтерге арналған тарифтердің жобасын қалыптастырады.

12. МКҚК шеңберінде медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне осы Қағидаларға сәйкес нысан бойынша тарифтерді әзірлеуге және (немесе) қайта қарауға жүгінеді.

13. Тарифтерді әзірлеу және (немесе) қайта қарау кезінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі Денсаулық сақтау субъектілерінің МКҚК шеңберінде көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған нақты шығыстарына талдау жүргізеді және тарифтердің мыналарға:

1) медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтыну көлеміне;

2) медициналық көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігіне әсері туралы өзекті және объективті ақпарат жинауды жүзеге асырады.

Қылмыстық-атқару
(пенитенциарлық)

жүйесінің тергеу изоляторлары
мен мекемелерінде ұсталатын
адамдарға бюджет қаражаты
есебінен медициналық көмектің
қосымша көлемі шеңберінде
ұсынылатын медициналық
көрсетілетін қызметтерге
арналған тарифтерді
қалыптастыру қағидаларына
қосымша

Нысан

Тарифтерді әзірлеуге және (немесе) қайта қарауға өтініш

1. Өтініш берушінің деректері:

Денсаулық сақтау субъектісінің атауы

Заңды мекенжайы _____

Басшы (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Байланыс: (телефон, факс, электрондық пошта мекенжайы)

2. Жүгіну мақсаты (керегінің астын сызу):

1) қолданыстағы медициналық көрсетілетін қызметтің құнын қайта қарау;

2) өзгелер (қысқаша сипаттама).

3. Медициналық көрсетілетін қызметтің атауы (коды) _____

Бұйрыққа 2-қосымша

Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде ұсынылатын медициналық көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде ұсынылатын медициналық көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру әдістемесі (бұдан әрі – Әдістеме) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі – Кодекс) 7-бабының 59-5) тармақшасына сәйкес әзірленді және қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі (бұдан әрі – МКҚК) шеңберінде ұсынылатын медициналық көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру алгоритмін айқындайды.

2-тарау. Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға бюджет қаражаты есебінен медициналық көмектің қосымша көлемі шеңберінде ұсынылатын медициналық көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру алгоритмі

2. МКҚК шеңберінде медициналық көрсетілетін қызметтерге арналған тарифтер МКҚК шеңберінде медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметке байланысты шығындарды:

1) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Еңбек кодексі), "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес денсаулық сақтау субъектілерінің жұмыскерлері еңбегіне ақы төлеу;

2) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) сәйкес салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер, сондай-ақ "Қазақстан Республикасында зейнетақымен камсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары, "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" Қазақстан

Республикасының Заңына сәйкес әлеуметтік аударымдар, "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар және (немесе) жарналар;

3) МКҚК шеңберінде клиникалық хаттамаларға және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбелеріне сәйкес, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, шығыс материалдарын сондай-ақ дәрі қобдишаларын, мамандандырылған емдік өнімдерді сатып алу (қамтамасыз ету);

4) Еңбек кодексіне сәйкес кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау;

5) коммуналдық көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу: жылу, электр энергиясы, ыстық және суық су;

6) басқа да шығыстар, оның ішінде "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 1-бабының 44) тармақшасына сәйкес интернетті қоса алғанда, байланыс қызметтері, іссапар шығыстары, ағымдағы жөндеу жүргізу, ақпараттық жүйелерге қызмет көрсетуді, медициналық техникаға сервистік қызмет көрсетуді, банк қызметтеріне ақы төлеуді қоса алғанда, кеңсе және шаруашылық тауарларын, жанар-жағармай материалдарын, өзге де тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды (қамтамасыз ету) қамтиды.

1-параграф. Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға амбулаториялық және стационарды алмастыратын жағдайларда медициналық көмек көрсетуге арналған тарифтерді қалыптастыру алгоритмі

3. Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторы мен мекемелерінде ұсталатын бір адамға кешенді тарифті есептеу айына мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$КТ_{тия} = (V_{қарж.ти_жыл} / Сор.тізім.тия_жыл) / m$, мұнда:

$КТ_{тия}$ - қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторы мен мекемелерінде ұсталатын бір адамға шаққандағы бір айға кешенді тариф;

$V_{қарж.ти_жыл}$ - алдағы қаржы жылына қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторы мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға медициналық көмек көрсетуге арналған қаржыландыру көлемі;

$Сор.тізім.тия_жыл$ - қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторы мен мекемелерінде ұсталатын адамдардың жылдық орташа тізімдік саны, ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$Сор.тізім.тия_жыл = (С_{бас.тия} + С_{бас.тия} \times Қөсім / 100) / 2$, мұнда:

$С_{бас.тия}$ - қаржы жылының басына "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің орталықтандырылған

автоматтандырылған дерекқоры" ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - ҚАЖ ОАДҚ) тіркелген қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторы мен мекемелерінде ұсталатын адамдардың саны;

Қ.өсім - қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторы мен мекемелерінде ұсталатын адамдар санының соңғы үш жылдағы орташа өсу қарқыны, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$Қ.өсім = (C \text{ соңғы тиа } (n1) / \text{бас. тиа } (n1) \times 100 + C \text{ соңғы тиа } (n2) / C \text{ бас. тиа } (n2) \times 100 + C \text{ соңғы тиа } (n3) / C \text{ бас. тиа } (n3) \times 100) / 3$, мұнда:

C бас. тиа - соңғы үш жыл кезеңінде ҚАЖ ОАДҚ -да (n1, 2, 3) жыл басына тіркелген қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторы мен мекемелерінде ұсталатын адамдардың саны;

C соңғы тиа - соңғы үш жыл кезеңінде (n1, 2,3) жыл соңында ҚАЖ ОАДҚ-да тіркелген қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторы мен мекемелерінде ұсталатын адамдардың саны;

m - қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторы мен мекемелерінде ұсталатын адамдарға медициналық көмек көрсеткені үшін қызметтерге ақы төлеу жүзеге асырылатын қаржы жылындағы айлардың саны.

2-параграф. Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға стационарлық жағдайда мамандырылған көмек көрсетуге арналған тарифтерді қалыптастыру алгоритмі

4. Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдарға стационарлық жағдайларда мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілеріне арналған бір төсек-күн үшін тарифті есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$T_{т/к} = E_{т/к} * K_1 + E_{т/к} * (K_2 - 1) + \dots + E_{т/к} * (K_n - 1)$ мұнда:

$T_{т/к}$ – бір төсек-күні үшін тариф;

$E_{т/к}$ – түзету коэффициенттерін есепке алмай, есептелген бір төсек –күн үшін есептік күн мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$E_{т/к} = V_{қарж.} / C_{т/к}$, мұнда:

$V_{қарж.}$ – ақы төлеу бір төсек-күн үшін тариф бойынша жүзеге асырылатын, стационарлық көмек нысанындағы мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілері үшін кезекті жоспарлы кезеңге арналған қаржыландыру көлемі;

C т/к – кезекті жоспарлы кезеңге арналған осы денсаулық сақтау субъектілері бойынша төсек-күндердің саны.

K_1, K_2, \dots, K_n – "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және " Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап

шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жылыту мауысымның ұзақтығы мен басқа да коэффициенттер үшін ауылдық жердегі жұмысы, экологиялық апатты аймақтардағы жұмысы үшін жалақыға үстемеақы төлеуге арналған шығыстарды ескере отырып, медициналық қызметтің құнын түзету мақсатында қолданатын түзету коэффициенттері.

3-параграф. Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсетуге арналған тарифтерді қалыптастыру алгоритмі

5. Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын туберкулезбен ауыратын ҚАЖ ОАДҚ және "Туберкулезбен ауыратын науқастардың ұлттық тіркелімі" кіші жүйесінде (бұдан әрі-ТАНҰТ) тіркелген бір науқасқа айына кешенді тарифті есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$КТ_{\text{туб}} = (V_{\text{туб.қар.жыл}} / \text{Стуб.орт.тізім.жыл}) / m$, мұнда:

$КТ_{\text{туб}}$ - қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде туберкулезбен ауыратын бір науқасқа айына кешенді тариф;

$V_{\text{туб.қар.жыл}}$ - алдағы қаржы жылына арналған қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсетуге арналған қаржыландыру көлемі;

$\text{Стуб.орт.тізім.жыл}$ - қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын туберкулезбен ауыратын науқастардың жылдық орташа тізімдік саны, ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$\text{Стуб.орт.тізім.жыл} = (\text{Стуб.бас.} + \text{Стуб.бас.} \times \text{Қөсім} / 100) / 2$, мұнда:

Стуб.бас. - қаржы жылының басында ҚАЖ ОАДҚ және ТАНҰТ-да тіркелген қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын туберкулезбен ауыратын науқастардың саны;

Қөсім - қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын туберкулезбен ауыратын науқастардың соңғы үш жылдағы орташа өсу қарқыны мынадай формула бойынша айқындалады:

$\text{Қөсім} = (\text{Стуб.соң. (n1)} / \text{Стуб.бас. (n1)} \times 100 + \text{Стуб.соң. (n2)} / \text{Стуб.бас. (n2)} \times 100 + \text{Стуб.соң. (n3)} / \text{Стуб.бас. (n3)} \times 100) / 3$, мұнда:

Стуб.бас. - соңғы үш жыл кезеңінде (n1, 2, 3) жыл басындағы ҚАЖ ОАДҚ және ТАНҰТ-да тіркелген қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын туберкулезбен ауыратын науқастардың саны;

Стуб.соң. - соңғы үш жыл кезеңінде (n1, 2, 3) жыл соңында ҚАЖ ОАДҚ және ТАНҰТ-да тіркелген қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын туберкулезбен ауыратын науқастардың саны;

m - қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсету жөніндегі қызметтер үшін ақы төлеу жүзеге асырылатын қаржы жылындағы айлардың саны.

4-параграф. Қылмыстық-атқару жүйесінің (пенитенциарлық) тергеу изоляторларында және мекемелерінде ұсталатын психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынумен байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылулары (аурулары) бар адамдарға медициналық көмек көрсетуге арналған тарифтерді қалыптастыру алгоритмі

6. Қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын психикалық, мінез-құлықтық бұзылулары (аурулары) бар ҚАЖ ОАДҚ және ПНТ-да тіркелген бір адамға айына кешенді тарифті есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$КТ_{\text{псих}} = (V_{\text{қар.псих_жыл}} / С_{\text{псих.орт.тізім.жыл}}) / m$, мұнда:

КТ_{псих} - қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде психикалық, мінез-құлықтық бұзылулары (аурулары) бар бір адамға айына кешенді тариф;

V_{қар.псих_жыл} - қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын психикасының, мінез-құлықтық бұзылулары (аурулары) бар адамдарға медициналық көмек көрсетуге алдағы қаржы жылына арналған қаржыландыру көлемі;

С_{псих.орт.тізім.жыл} - қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын психикасының, мінез-құлықтық бұзылулары (аурулары) бар адамдардың жылдық орташа тізімдік саны, ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$С_{\text{псих.орт.тізім.жыл}} = (С_{\text{псих/басы}} + С_{\text{псих/басы}} \times Қ\text{өсім} / 100) / 2$, мұнда:

С_{псих/басы} - қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын қаржы жылының басында ҚАЖ ОАДҚ және ПНТ-да тіркелген психикалық, мінез-құлықтық бұзылулары (аурулары) бар адамдардың саны;

Қөсім - қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын психикалық, мінез-құлықтық бұзылулары (аурулары) бар адамдардың соңғы үш жылдағы орташа өсу қарқыны, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$Қ\text{өсім} = (С_{\text{псих.соң. (n1)}} / С_{\text{псих.басы. (n1)}} \times 100 + С_{\text{псих.соң. (n2)}} / С_{\text{псих.басы. (n2)}} \times 100 + С_{\text{псих.соң. (n3)}} / С_{\text{псих.басы. (n3)}} \times 100) / 3$, мұнда:

С_{псих.басы.} - соңғы үш жыл кезеңінде (n1, 2, 3) жыл басындағы ҚАЖ ОАДҚ және ПНТ-да тіркелген қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінде ұсталатын психикалық, мінез-құлықтық бұзылулары (аурулары) бар адамдардың саны;

С_{псих.соң.} - соңғы үш жыл кезеңінде (n1, 2, 3) жыл соңына қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын ҚАЖ ОАДҚ және ПНТ-да тіркелген психикалық, мінез-құлықтық бұзылулары (аурулары) бар адамдардың саны;

m - қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің мекемелерінде ұсталатын психикалық, мінез-құлықтық бұзылулары (аурулары) бар адамдарға медициналық

көрсетілетін қызметтердің ақысын төлеу жүзеге асырылатын қаржы жылындағы айлардың саны.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК